

«2024 жылғы қаңтар-ақпандағы
елдің әлеуметтік-экономикалық
даму қорытындылары және
республикалық
бюджеттің атқарылуы туралы»
ҚР Үкіметі отырысындағы
ҚРҰБ Төрағасы Т. Сүлейменовтің баяндамасы

Құрметті Олжас Абайұлы!

Құрметті әріптестер!

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК

Іскерлік белсенділік индексі ақпанда нейтралды мәнге жетіп, **50,0** тармаққа дейін жақсарды. **Қызмет** секторындағы және **өндірістегі** көрсеткіш жақсарып, тиісінше **50,3** және **50,1** тармақты құрады.

Бизнес-климат индексі ақпанда **10,5** тармаққа дейін өсті. Оған кәсіпорындардың **болашақ бизнес жағдайлары** бойынша күтулерінің жақсаруы ықпал етіп отыр.

ИНФЛЯЦИЯ

2024 жылғы ақпанда **жылдық инфляция 9,3%** дейін баяулады.

Инфляция мен инфляциялық күтулердің төмендеуіне байланысты Ұлттық Банк ақпанда базалық ставканы **14,75%** дейін, яғни **50 базалық тармаққа** төмендетті.

Сонымен бірге, жылдық инфляцияның баяулау қарқыны азайғанын айта кеткен жөн. Ақпанда айлық инфляция орташа тарихи мәндерден жоғары қалыптасты. **Маусымдық және әкімшілік факторлардан басқа нарықтық тауарлар мен қызметтер бағасы тез өсті.**

Қазіргі жағдайда ақша-кредит саясатын жұмсарту мүмкіндігі айтарлықтай шектеулі. Инфляция факторларының қалыптасқан балансы, оның ағымдағы (айлық) қарқынының динамикасы алдағы уақытта шешім қабылдау кезінде базалық ставканы қалыптасқан деңгейде сақталу ықтималдығын арттырып отыр. Деректерді жинау, сондай-ақ экономикалық және фискалдық реформалардың іске асырылуын мониторингтеу қажет.

ТЕҢГЕНІҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

Осы жылдың басынан бері **теңге бағамы** 1 доллар үшін **450,65** теңгеге дейін, яғни **0,9% нығайды**.

Ұлттық Банк **икемді бағам белгілеу** режимін ұстануды жалғастырады және **валюталық интервенциялар** жүргізбейді.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін **валюта сату** теңгеге қолдау көрсетті. Оның сомасы ақпан айында **609 млн** долларды құрады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін инвестициялау үшін шетел валютасын сатып алу **көлемі 400 млн** долларды құрады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР

Биыл ақпан айының соңында **жалпы халықаралық резервтер 96,4 млрд** долларды құрады.

Ұлттық Банктің **алтын-валюта резервтері** алтын сатып алуға байланысты жыл басынан **36,2 млрд** долларға дейін немесе **0,5%** ұлғайды.

Ұлттық қордың активтері жыл басынан **0,3** ұлғайып, **60,2 млрд** долларды құрады.

Бұл ретте, ақпан айының қорытындысы бойынша **инвестициялық табыс 1,44%** немесе **0,87 млрд** долларды құрады.

Жыл басынан қорға түсетін **түсімдер сомасы 912 млрд** теңгені, оның ішінде ұлттық валютада **184 млрд** теңгені құрады. **Ұлттық қордан** республикалық бюджетке берілетін трансферт көлемі **1 трлн** теңге болды.

БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері оң динамиканы көрсетуде. Осы жылдың басынан зейнетақы активтері **18,4 трлн** теңгеге дейін немесе **3,6%** өсті. Инвестициялық табыс көлемі **351,1 млрд** теңгені құрады. Зейнетақы **жарналары 396,4 млрд** теңге, ал жарнаны **мерзімінен бұрын алу** сомасы **66,5 млрд** теңге болды.

Құрметті Олжас Абайұлы!

Ұлттық Банк сыртқы және ішкі нарықтардағы жағдайдың даму барысын бақылап, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және инфляцияны одан әрі төмендету жұмысын жалғастырады.

Назарларыңызға рақмет!